

**Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы «Эстрадалық вокал»  
кафедрасының докторанты Мухсинова Мерует Жақсыбекқызының  
8D02194 – «Эстрада өнері» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы  
(PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған «Қазіргі поп-орындаудағы қазақтың дәстүрлі  
ән айту техникаларының модификациясы» тақырыбындағы диссертациялық  
жұмысына**

**РЕСМИ РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ**

р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p><b><u>1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (8D02194 – «Эстрада өнері» білім беру бағдарламасы);</u></b></p> <p>2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету);</p>	<p>Мухсинова Меруерт Жақсыбекқызының «Қазіргі поп-орындаудағы қазақтың дәстүрлі ән айту техникаларының модификациясы» атты диссертациялық жұмысы тақырыптық тұрғыдан Қазақстан Республикасындағы заманауи музыкатану, этномузыкатану және эстрада өнері салаларының өзекті даму бағыттарына сәйкес келеді. Зерттеу жұмысы жаһандану жағдайында ұлттық мәдени бірегейлікті сақтау және дәстүрлі көркемдік тәжірибелерді қазіргі музыкалық кеңістікпен ұштастыру мәселелерімен сабақтас қарастырылады.</p> <p>Зерттеу жұмысы қазіргі поп-орындаушылықтағы қазақтың дәстүрлі вокалдық техникаларының модификациялану үдерістерін талдауға арналған. Бұл өз кезегінде ұлттық өнерді қолдауға және отандық музыкалық мәдениетті дамытуға бағытталған заманауи мәдени стратегиялармен үндеседі. Диссертациялық жұмыс «Эстрада өнері»</p>

		3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.	бағыты бойынша докторантураның білім беру бағдарламасы аясында орындалып, Қазақстан Республикасындағы гуманитарлық ғылым мен өнер саласын дамытудың басым міндеттеріне толық жауап береді.
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін <b>қосады</b> /қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	<p>Ұсынылған диссертация отандық өнертану мен эстрадалық-вокалдық орындаушылық теориясының дамуына елеулі үлес қосады. Зерттеудің маңыздылығы автордың алғаш рет қазақтың дәстүрлі әншілік мәдениетіне тән вокалдық техникаларды заманауи поп-мәдениет жағдайында көркемдік трансформацияға қабілетті динамикалық жүйе ретінде кешенді түрде қарастыруымен айқындалады.</p> <p>Жұмыстың ғылыми маңыздылығы «модификация» ұғымын дербес аналитикалық категория ретінде әзірлеуінде, сондай-ақ дәстүр мен қазіргі бұқаралық музыкалық өнердің өзара әрекеттесу үдерістерін метамодернистік эстетика мен деколониялық тәсіл контексінде пайымдауында жатыр. Жұмыс отандық музыкатанудың зерттеу аясын кеңейтіп, болашақ пәнаралық зерттеулерге жол ашады.</p>
3.	Өзі жазу принципі	<p>Өзі жазу деңгейі:</p> <p>1) <b>жоғары;</b></p> <p>2) орташа;</p> <p>3) төмен;</p> <p>4) өзі жазбаған.</p>	Диссертациялық зерттеудің дербестік деңгейі жоғары деп бағалауға болады: автор ғылыми мәселені өз бетінше айқындап, зерттеудің әдіснамалық негізін қалыптастырған, теориялық дереккөздер мен музыкалық материалдардың кең

			<p>ауқымына талдау жүргізген, сондай-ақ өзіндік концептуалдық анықтамалар мен ғылыми тұжырымдар ұсынған.</p> <p>Автордың ғылыми дербестігі оның ғылыми айналымға «далалық эстетика» және «инвариантты ядро» секілді авторлық ұғымдарды енгізуімен, сондай-ақ Қазақстанның қазіргі поп-музыкасындағы дәстүрлі вокалдық кодтың қызмет ету моделін өзіндік ғылыми тұрғыдан жүйелеуге ұмтылыс жасауымен көрінеді.</p>
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:	<p>Диссертация тақырыбының өзектілігі нанымды әрі жүйелі түрде ашылған. Автор зерттеудің қажеттілігін жаһандану үдерістерімен, ұлттық көркемдік тәжірибелердің трансформациялануымен және әлемдік поп-мәдениеттің белсенді ықпалы жағдайында мәдени бірегейлікті сақтау қажеттілігімен негіздейді. Зерттеу дәстүрлі вокалдық техникалардың өз маңызын жоғалтпай, керісінше Қазақстанның қазіргі музыкалық мәдениетіндегі жаңа орындаушылық модельдердің қалыптасуына негіз болып отырғанын көрсетеді.</p>
		1) <b><u>негізделген;</u></b>	
		2) ішінара негізделген;	
		3) негізделмеген.	
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды:	
		1) <b><u>айқындайды;</u></b>	
2) ішінара айқындайды;			
3) айқындамайды.			
			<p>Диссертация мазмұны ұсынылған тақырыпқа толық сәйкес келеді және ғылыми талдаудың логикалық жүйелілігін көрсетеді. Теориялық бөлімдерде «техника», «модификация» ұғымдары, метамодернизм, постколониалдық және деколониалдық бағыттар мәселелері қарастырылса, талдамалық бөлімдер қазақтың дәстүрлі вокалдық техникаларын және олардың</p>

		қазіргі поп-вокалдағы трансформациялану үдерістерін зерттеуге бағытталған. Зерттеу жұмысының құрылымы тақырыптық тұтастық пен жұмыстың концептуалдық бірлігін қамтамасыз етеді.
	4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:	Диссертацияда қойылған мақсат пен міндеттер зерттеу тақырыбына толық сәйкес келеді және тұжырымдалған ғылыми мәселеден логикалық түрде туындайды. Зерттеу міндеттері теориялық-әдіснамалық талдаудан бастап дәстүрлі вокалдық техникалардың қазіргі орындаушылықтағы модификациялану тетіктерін қарастыруға дейінгі тақырыптың әртүрлі қырларын жүйелі түрде ашып көрсетеді.
	1) <b><u>сәйкес келеді;</u></b>	
	2) ішінара сәйкес келеді;	
	3) сәйкес келмейді.	
	4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан:	Диссертация құрылымы ішкі логикалық үйлесімділігімен ерекшеленеді. Барлық тараулар мен бөлімдер өзара сабақтасып, зерттеудің негізгі идеясын ашуға бағындырылған. Әр тарауда авторлық тұжырымдаманың бірізді дамуы байқалып, қорытындылар қойылған міндеттермен және зерттеудің жалпы логикасымен өзара сәйкес келеді.
	1) <b><u>толық байланысқан;</u></b>	
	2) ішінара байланысқан;	
	3) байланыс жоқ.	
	4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:	Диссертацияда ұсынылған ғылыми тұжырымдар жаңашылдығымен және дәйектілігімен ерекшеленеді. Автор модификацияны дәстүрлі вокалдық кодты қазіргі поп-орындаушылық аясында сақтау мен сабақтастыра жеткізудің өзіндік көркемдік-мәдени моделі ретінде ғылыми тұрғыдан пайымдайды. «Инвариантты ядро», «далалық эстетика» ұғымдары, сондай-ақ поп-
	1) <b><u>сыни талдау бар;</u></b>	
	2) талдау ішінара жүргізілген;	
	3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген;	
	4) талдау жоқ.	

			вокалды дәстүр мен жаһандық бұқаралық мәдениет арасындағы метамодернистік тербеліс кеңістігі ретінде түсіндіруі ғылыми тұрғыдан маңызды тұжырымдар қатарына жатады. Автор отандық және шетелдік ғылыми дереккөздердің кең ауқымына сүйене отырып, өз ғылыми қорытындыларын қолданыстағы теориялық модельдермен салыстырмалы түрде зерделеген.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма?	Диссертацияның ғылыми нәтижелері мен негізгі тұжырымдары жаңашылдығымен ерекшеленеді. Зерттеудің ғылыми жаңалығы қазақтың дәстүрлі вокалды техникаларын қазіргі поп-музыка контекстінде кешенді түрде қарастыруынан, «модификация» категориясын ғылыми тұрғыдан негіздеуінен, сондай-ақ дәстүрдің функционалды және семантикалық өрісі өзгерген жағдайда оның инвариантты өзегінің сақталу жолдарын айқындауынан көрінеді. Автор ұсынған «далалық эстетика», «инвариантты ядро» ұғымдары, сондай-ақ қазіргі поп-вокалды дәстүр, ұлттық бірегейлік және жаһандық музыкалық тілдің өзара ықпалдасу кеңістігі ретінде қарастыруы зерттеудің айрықша ғылыми құндылығын арттыра түседі.
		1) <b><u>толығымен жаңа;</u></b>	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма?	Диссертацияның қорытындылары ғылыми жаңалығымен ерекшеленеді және зерттеу мазмұнынан логикалық түрде туындайды.
		1) <b><u>толығымен жаңа;</u></b>	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	

		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Автор дәстүрлі вокалдық техникалардың модификациялануы дәстүрдің бұзылуы немесе жеңілдетілуі емес, керісінше оның поп-мәдениет жағдайындағы заманауи қызмет етуінің, сабақтастықпен жалғасуының және жаңғыруының көрінісі екенін нанымды түрде дәлелдейді.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?	Өнертану бағыты бойынша орындалған диссертация үшін техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқарушылық шешімдер зерттеудің негізгі нысаны болып табылмайды. Соған қарамастан, автор микрофондық мәдениет, студиялық жазба және заманауи сахналық тәжірибенің поп-орындаушылықтағы дәстүрлі вокалдық дыбыс қалыптастыру сипатының өзгеруіне ықпалын ғылыми тұрғыдан негізді түрде қарастырады.
		1) <b><u>толығымен жаңа;</u></b>	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <b><u>негізделген</u></b> /негізделмеген (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	Диссертацияның негізгі қорытындылары ғылыми тұрғыдан салмақты дәлелдерге негізделген және жеткілікті деңгейде дәйектелген. Автор теориялық тұжырымдарды қазақтың дәстүрлі әншілік мәдениеті мен қазіргі поп-вокал материалдарымен бірізді түрде сабақтастыра отырып қарастырады, сондай-ақ отандық және шетелдік зерттеушілердің еңбектеріне сүйенеді. Қорытындылар зерттеудің мақсаты мен міндеттеріне толық сәйкес келеді, жүргізілген ғылыми талдаудың логикасын айқындайды және

			ұсынылған ғылыми тұжырымдаманы растайды.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	<p>Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Ереже дәлелденді ме?</p> <p>1) <b>дәлелденді;</b></p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді;</p> <p>5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) иә;</p> <p>2) <b>жоқ;</b></p> <p>3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) <b>иә;</b></p> <p>2) жоқ;</p> <p>3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес.</p>	<p>Қорғауға ұсынылған негізгі ғылыми тұжырымдар жалпы алғанда жеткілікті деңгейде дәлелденіп, ғылыми тұрғыдан негізделген. Модификацияны дәстүрдің генетикалық өзегін функционалдық және семантикалық өрісі өзгерген жағдайда сақтаудың көрінісі ретінде қарастыруы нанымды әрі әдіснамалық тұрғыдан нәтижелі тұжырым болып табылады.</p> <p>Инвариантты ядро, «далалық эстетика», одағайдың семантикалық қызметі және қазіргі вокалдық тәжірибенің деколониалдық сипаты жөніндегі қағидалар диссертация мазмұнымен логикалық тұрғыдан өзара сабақтасып, теориялық және талдамалық материалдар арқылы дәлелденген. Әрбір ғылыми тұжырым қойылған зерттеу мәселесіне сәйкес келеді және эстрадалық вокал өнері саласындағы болашақ зерттеулердің дамуы үшін маңызды мәнге ие.</p> <p>Қорғауға ұсынылған тұжырымдар тривиалды сипатқа ие емес, себебі олар ғылыми жаңалықтың және авторлық ұстанымның элементтерін қамтып, қазіргі поп-орындаушылықтағы қазақтың дәстүрлі вокалдық техникаларының модификациялану үдерістерін зерттеуге бағытталған. Диссертацияда «инварианттық өзек»,</p>

		<p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) <b>кең</b></p> <p>4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес.</p>	<p>«далалық эстетика» секілді бірегей ғылыми тұжырымдамалар ұсынылып, дәстүрлі вокалдық өнер мен заманауи поп-мәдениеттің өзара ықпалдасуын пайымдауға арналған авторлық модель әзірленген.</p> <p>7.4 Ұсынылған ғылыми тұжырымдар кең ауқымды қолданбалы мәнге ие, себебі зерттеу нәтижелері музыкатану, этномузыкатану, эстрадалық-вокалдық орындаушылық, музыкалық білім беру салаларында, сондай-ақ заманауи вокалистер тәжірибесінде және білім беру бағдарламаларын әзірлеу үдерісінде пайдаланылуы мүмкін.</p>
		<p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) <b>иә;</b></p> <p>2) жоқ</p> <p>3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p>	<p>7.5 Диссертацияның негізгі ғылыми тұжырымдары автордың жарияланған ғылыми мақалаларында дәлелденіп, ғылыми тұрғыдан негізделген. Ұсынылған жарияланымдар зерттеудің басты нәтижелерін қамтып, ғылыми қорытындылардың отандық және халықаралық ғылыми кеңістікте апробациядан өткенін айқындайды.</p>
8.	<p>Дәйектілік қағидаты.</p> <p>Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі</p>	<p>8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған:</p> <p>1) <b>иә;</b></p> <p>2) жоқ.</p>	<p>Зерттеу әдіснамасының таңдауы ғылыми тұрғыдан негізделген және жеткілікті деңгейде жан-жақты сипатталған. Диссертацияда музыкалық-теориялық, салыстырмалы, мәдениеттанулық, этномузыкатанулық және пәнаралық тәсілдер қолданылған, бұл зерттеліп отырған материалдың күрделі табиғатына толық сәйкес келеді. Зерттеу нәтижелері гуманитарлық және</p>

		өнертанулық талдаудың заманауи әдістерін пайдалану арқылы алынған. Теориялық қорытындылар, ұсынылған модельдер мен анықталған заңдылықтар өзекті ғылыми әдебиеттерге жасалған сілтемелермен және орындаушылық тәжірибені талдау арқылы дәлелденген.
	8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:	Диссертациялық жұмыстың нәтижелері заманауи ғылыми зерттеу әдістері мен эмпирикалық деректерді өңдеу тәсілдерін қолдану арқылы алынған. Автор жүйелі әдеби шолу, салыстырмалы талдау, музыкалық-теориялық және орындаушылық-талдамалық тәсілдерді пайдалана отырып, дәстүрлі вокалдық техникаларды қазіргі поп-орындаушылық контекстінде қарастыруға мүмкіндік жасаған.
	1) <b>иә;</b>	
	2) жоқ.	
	8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):	Теориялық қорытындылар, ұсынылған модельдер, анықталған өзара байланыстар мен заңдылықтар жалпы алғанда ғылыми тұрғыдан дәлелденіп, зерттеу материалдары арқылы расталған. Автор дәстүрлі вокалдық параметрлер, заманауи дыбыс күшейту технологиялары және поп-вокал эстетикасындағы өзгерістер арасындағы сабақтастықты айқындап, модификацияны көркемдік дамудың заңды үдерісі ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.
	1) <b>иә;</b>	
	2) жоқ.	
	8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен <b>расталған</b> / ішінара расталған / расталмаған.	Анықталған өзара байланыстар мен заңдылықтар зерттеу материалдары арқылы дәлелденіп, негізделген. Автор дәстүрлі вокалдық параметрлер, заманауи дыбыс қалыптастыру
	8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби	

		шолуға <b><u>жеткілікті</u></b> /жеткіліксіз.	технологиялары және поп-вокал эстетикасындағы өзгерістер арасындағы сабақтастықты көрсетеді. Бұл өз кезегінде аталған модификациялық үдерістерді заңды әрі табиғи құбылыс ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.
9	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы:	Бұл жұмыс Қазақстандағы эстрадалық вокалдық орындаушылық теориясының, этномузыкатанудың және ұлттық музыкалық бірегейлікті зерттеу бағыттарының дамуына ықпал етеді.
		1) <b><u>бар;</u></b>	
		2) жоқ.	
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:	Диссертацияның практикалық маңызы зор, ал алынған нәтижелерді тәжірибеде қолдану мүмкіндігі жоғары болып табылады. Зерттеу материалдарын эстрадалық вокал, қазақ музыкасының тарихы мен теориясы, этномузыкатану, Қазақстанның заманауи музыкалық мәдениеті бойынша оқу курстарында, сондай-ақ қазіргі вокалистердің орындаушылық тәжірибесінде пайдалануға болады.
		1) <b><u>иә;</u></b>	
		2) жоқ.	
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма?	Практикаға ұсынылған тұжырымдар қазақстандық эстрадалық-вокалдық білім беру саласы үшін ғылыми тұрғыдан жаңа болып
		1) <b><u>толығымен жаңа;</u></b>	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	

		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	табылады. Автор дәстүрлі вокалдық техникаларды музейлік сипаттағы мұра ретінде емес, заманауи орындаушылықтың өміршең әрі белсенді ресурсы ретінде қарастыруды ұсынады. Бұл ұстаным оқу бағдарламаларын жаңғыртуда және ұлттық бағыттағы поп-вокал мектебін дамытуда маңызды рөл атқарады.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) <b>жоғары;</b> 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Академиялық жазу сапасын жоғары деңгейде бағалауға болады. Диссертация ғылыми стильде жазылған, құрылымы жүйелі, тұжырымдары дәйекті әрі терминологиялық аппараты бай. Автор заманауи ғылыми дискурсты меңгергенін және пәнаралық материалдармен кәсіби деңгейде жұмыс істей алатынын көрсетеді.
11.	Диссертацияға ескертулер	<i>Зерттеудің жоғары ғылыми деңгейіне қарамастан, диссертацияда жекелеген пікірталас тудыратын тұстар кездеседі. Біріншіден, кейбір бөлімдерде философиялық және мәдениеттанулық терминологияның шамадан тыс қолданылуы байқалады, соның салдарынан зерттеудің музыкалық-талдамалық қыры екінші қатарға ығысып кететін тұстар бар. Екіншіден, зерттеудің аналитикалық базасын нақты музыкалық мысалдармен, салыстырмалы кестелермен және қазіргі қазақстандық поп-вокалистердің орындаушылық-вокалдық ерекшеліктеріне тереңірек талдау жасаумен толықтыра түсу орынды болар еді. Үшіншіден, зерттеудің негізгі категориясы ретінде қолданылған «модификация» термині кей жағдайларда «трансформация», «адаптация», «гибридизация» ұғымдарымен қатар қолданылып, олардың ара-жігін ұғымдық тұрғыдан нақтылай түсуді қажет етеді. Аталған ескертулер жұмыстың жалпы ғылыми құндылығын төмендетпейді және негізінен ұсынымдық сипатқа ие.</i>	
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында)	Докторанттың зерттеу тақырыбы аясында жарияланған ғылыми еңбектері жоғары теориялық-әдіснамалық деңгейімен және ғылыми өзектілігімен ерекшеленеді. Автордың ғылыми нәтижелері отандық және халықаралық рецензияланатын басылымдарда, соның ішінде Scopus және өзге де халықаралық дерекқорларда индекстелетін ғылыми журналдарда жарияланып, диссертациялық	

	<p>қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)</p>	<p>зерттеудің негізгі тұжырымдарының ғылыми қауымдастық тарапынан мойындалғанын айқын көрсетеді.</p> <p>Жарияланған мақалалардың мазмұны диссертация тақырыбымен толық үндесіп, зерттеудің концептуалдық бағытын, теориялық негіздерін және практикалық маңызын кешенді түрде ашып көрсетеді. Бұл еңбектер диссертация нәтижелерінің ғылыми апробациядан сәтті өткенін ғана емес, сонымен қатар автордың заманауи музыкатану, этномузыкатану және эстрадалық вокал өнері салаларындағы өзекті ғылыми мәселелерді терең меңгергенін дәлелдейді.</p>
13.	<p>Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)</p>	<p>Мухсиынова Меруерт Жақсыбекқызының «Қазіргі поп-орындаудағы қазақтың дәстүрлі ән айту техникаларының модификациясы» атты диссертациялық жұмысы — өзекті ғылыми мәселеге арналған, мазмұндық және теориялық тұрғыдан терең негізделген, дербес орындалған әрі ғылыми маңызы жоғары зерттеу болып табылады. Зерттеу жұмысы 8D02194 – «Эстрада өнері» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға қойылатын талаптарға толық сәйкес келеді.</p> <p>Диссертация авторы заманауи музыкатану, этномузыкатану және эстрадалық вокал өнері салаларындағы күрделі ғылыми мәселелерді жан-жақты талдап, ұлттық вокалдық дәстүр мен қазіргі поп-орындаушылық арасындағы сабақтастықты ғылыми тұрғыдан терең пайымдай алған. Зерттеу нәтижелері теориялық жаңашылдығымен, практикалық маңыздылығымен және ғылыми дәйектілігімен ерекшеленеді.</p> <p>Осыған байланысты Мухсиынова Меруерт Жақсыбекқызы философия докторы (PhD) дәрежесін иеленуге толық лайық деп есептеймін.</p>

**Ресми рецензент:**  
**өнертану кандидаты,**  
**Күләш Байсейітова атындағы**  
**Қазақ ұлттық өнер университеті**  
**«Музыкатану және композиция»**  
**Кафедрасының қауымдастырылған**  
**профессоры**


